


## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 822	▼ -0,99%	▲ 16,3%
NASDAQ	23 581	▼ -1,57%	▲ 22,3%
DJIА	47 522	▼ -0,23%	▲ 12,1%
CBOE Volatility Index (VIX)	17	▼ -0,06%	▼ -5,7%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	9 760	▲ 0,04%	▲ 18,2%
DAX	2 027	▼ -0,18%	▲ 18,8%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	26 283	▲ 0,00%	▲ 33,9%
Nikkei 225	51 723	▲ 0,81%	▲ 29,6%
Shanghai SE	3 987	▼ -0,73%	▲ 22,2%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 036	▲ 1,32%	▲ 23,9%

### Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Бейсенбі күні қор нарықтары сауда-саттықты төмендеумен аяқтады: S&P 500 индексі 0,99%-ға төмендеп, \$6 822,34 деңгейінде жабылды; Nasdaq Composite 1,57%-ға төмендеп, \$23 581,14-ке дейін түсті; ал DJI 0,23%-ға арзандап, \$47 522,12 құрады. S&P 500 құрамындағы 11 сектордың 10-ы сауда барысында төмендеді. Ең әлсіз секторлар Materials (-1,9%), Consumer Discretionary (-1,5%) және Information Technology (-0,5%) болды. Өсім көрсеткен жалғыз сектор — Real Estate (+0,3%).

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	10 165 577 173 342	-0,4%	-2,4%	19,4%
Consumer Discretionary	6 437 325 972 931	-1,8%	-5,0%	11,0%
Consumer Staples	3 163 853 323 282	-0,4%	-2,7%	-8,4%
Energy	1 670 795 701 698	-0,4%	-2,4%	0,7%
Financials	7 559 012 202 289	0,6%	-4,0%	10,9%
Industrials	4 735 022 823 370	-0,4%	-0,8%	9,1%
Information Technology	17 584 145 720 627	-0,5%	-1,5%	31,9%
Materials	985 260 146 111	-1,4%	-3,5%	-10,4%
Real Estate	1 086 127 530 217	0,3%	-4,5%	-11,0%
Utilities	1 386 345 646 510	-0,4%	1,3%	15,0%
Health Care	5 154 692 484 690	-0,1%	0,8%	-1,2%

Бейсенбі күні әлемдік қор нарықтары да төмендеді және алдын ала бағалау бойынша соңғы үш аптадағы ең ірі күндік құлдырауды көрсетіуі мүмкін. Индекстерге қысым Microsoft пен Meta сияқты ірі технологиялық компаниялардың акцияларының арзандауы нәтижесінде артты, ал АҚШ доллары Федералдық резерв жүйесі мен Жапония банкінің саясатындағы жаңалықтар аясында иенге қатысты нығайды.

Инвесторлар АҚШ Федералдық резерв жүйесінің төрағасы Джером Пауэллдің мәлімдемелерін бағалауды жалғастыруда. Ол ақша-несие саясатын тез арада жұмсарту күткен үміттерді әлсіретті. Сәрсенбі күні мөлшерлеме 25 базистік тармаққа төмендегеннен кейін, ФРЖ желтоқсандағы отырыста қосымша қадамдардан бас тартуы мүмкін екенін аңғартты, бұл нарықтағы оптимизмді бәсеңдетті.

Нарықтағы белгісіздікті күшейткен тағы бір фактор — АҚШ президенті Дональд Трамптың ҚХР төрағасы Си Цзиньпинмен келісімге келгені жөніндегі мәлімдемесі болды. Оның айтуынша, тараптар өзара тарифтерді төмендетуге және Қытайдың фентанилдің заңсыз айналымына қарсы күресті күшейтуіне, АҚШ соя бұршақтарын қайта сатып алуды бастауына және сирек кездесетін металдарды экспорттауды жалғастыруына уағдаласқан. Жаңалықтың оң сипатына қарамастан, инвесторлар оны сақтықпен қабылдап, келісімдердің нақты жүзеге асуын күтуде.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	351	0%	28,0%
Банк ЦентрКредит	4 730	4%	106,4%
Kcell	3 345	0%	-1,0%
Казатомпром	30 200	2%	47,7%
КазТрансОйл	850	0%	3,3%
KEGOK	1 422	0%	-6,5%
Kaspi.kz	41 752	0%	-23,9%
КазМунайГаз	22 373	2%	52,9%
Эйр Астана	847	0%	-25,9%

Жалпы қаржы нарықтары ұстамды реакция танытты: қатысушылардың назары енді инфляция мен өнеркәсіптік белсенділік жөніндегі алдағы деректерге ауысты, себебі бұл көрсеткіштер ФРЖ-ның алдағы шешімдеріне және саясатты жұмсарту қарқынына әсер етуі мүмкін.

Индекстердің төмендеуіне Microsoft акцияларының 2,9%-ға құлдырауы да ықпал етті. Компанияның тоқсандық табысы инвесторлардың күткенін ақтамады. Бұл құлдырау Alphabet акцияларының 3,1%-ға өсуін теңестірді. Соңғысының нәтижелері жасанды интеллектке деген жоғары сұраныстың арқасында күшейді.

Сауда жабылғаннан кейін назар басқа технологиялық алыптарға аударды: Amazon акциялары шамамен 13%-ға қымбаттап, компанияның нарықтық капитализациясын \$300 млрд-тан астамға арттырды. Бұл өсу күшті есеп пен бұлтты қызметтер сегментіндегі табыстың жеделдеуімен байланысты болды. Apple акциялары да шамамен 2%-ға өсті, себебі iPhone сатылымына қатысты болжам сарапшылардың күткенінен жоғары болды. Дегенмен, бірқатар ірі корпорациялардың мықты есептеріне қарамастан, жалпы нарықтағы көңіл-күй абайлы күйде қалды — инвесторлар бірнеше күндік өсімнен кейін пайдасын бекітіп алуды жөн көрді.

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	529,85	0,25%	1,0%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	11,01	1,54%	-21,3%
EUR/USD	1,1565	-0,29%	12,7%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>  
Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



## Аналитика департаменті

Байланыс:  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

Эл.адрес:  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

Эл.адрес:  
**broker@centras.kz**

## Сауда операциялары департаменті

Байланыс:  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

Эл.адрес:  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

Байланыс:  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

Эл.адрес:  
**broker@centras.kz**

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.